



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

бағытталған әлеуметтік жұмыс бағытында нақты істерді қолға алу, жүйелі іс-шараларды жандандыру қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. [www.http:Ведомости Парламента Республики Казахстан // Закон Республики Казахстан «О миграции населения» 1997.](http://www.vedomosti.kz) [қолданған уақыты 24.03.18 ж. 20:50 мин.]
2. Татимов М.Б. Сколько нас в мире? // Достық – Дружба, 2015. №4, – С.6.
3. Мустафаев Н. Казахи зарубежья. // Казахстанская правда. – 2016. 17 апрель, – С.4.

УДҚ 37.04

ШАҒЫН БИЗНЕСТЕГІ ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ

Сатыбалдықызы Алтынзер

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, әлеуметтік жұмыс мамандығының 4- курс студенті

Қазіргі нарық заманында кімнің болмасын бизнес жасауға қауқары бар. Соның ішінде әйел адамдардың бизнес саласына аяқ басуы мен үшін құба-құп қабыл аларлық дүние. Отбасынағы бір адамның жалақысы жеткіліксіз, сол қаражаттың жетіспеушілігінен қоғамда болып жатқан мәселелер аз емес. Жұмыла көтерген жүк жеңіл демекші отбасының ұйытқысы бола білген келіншектер жеке кәсіпте де табысты іскер тұлға болып қалыптаса алады. Ұсыныс ретінде жалғыз басты әйелдердің өмір сапасын жақсарту мақсатында жалғызбасты бизнеспен айналысатын әйелдердің салық мөлшерін толық отбасылыларға қарағанда 20-30%-ға төмен болса. Менің ойымша көп жағайа әйел адамдар ер адамдарға қарағанда жауапкершілігі молырақ. Кейбір жағдайда әйел адамдарға бизнес жасауға қарсы болады, ал мен айтар едім бизнес жынысқа бөлінбейі. Барлығы адамның қабілетіне байланысты. Әйел адамдар нақты өз қызығушылығына сай келетін бағыттарға қызығушылық танытады.

Қазақстан халқының 9 миллионнан астамамы 52% әйелер құрайды. Бүгінде әйелдердің отандық бизнес ортасында 50% құрап, еліміздің ЖІӨ қалыптасуына 40% үлес қосып отыр. Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігінің басым бөлігі қызмет көрсету саласына бағытталған, сервистік қызмет көрсетудің 63% әйелдерге тиесілі, ауыл шаруашылығындағы кәсіптің 53% -ын нәзік жандылар басқарады. Ал шағын және орта кәсіпкерлікті 697355 (42%) әйел басқарады. Тағы бір қуанарлығы елімізде жүргізіліп жатқан «бірегей әлеуметтік инновациялық» жобаларға қатысып, әйелдер шығармашылық қабілеттерін көрсетіп, өз бизнестерін бастауда. Жалпы, елдегі кәсіпкер әйелдердің саны өткен жылдың 1 шілдесіне қарағанда 700 мыңға жетті - бұл 45% - ды құрайды екен. АҚШ – 11,3 млн компаниялары әйелдердің меншігінде. Күн сайын 1072 әйел жаңа кәсіп ашады екен. Жапонияда жалпы жұмыс күшіндегі әйелдердің қатыстырылу үлесі – 42,%. Жапония Гендерлік теңсіздік бойынша әлемде 104 - орында. Түркияда жұмыспен қамту 45,5% құраған. [1]. Кәсіпкерлік саласына қаржылай емес қолдау көрсету бойынша «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы кәсіпкер әйелдерге 17666 сервистік қызмет көрсетсе, 45501 ақпараттық қолдау білдірген. [2].

Еліміздің тарихына көз жүгіртер болсақ Ұлы Жібек сауда жолында әрбір жиырма әйелдің біреуі саудамен айналысқан. 1944-1945 жылдары Қазақстанда 226 колхоз басшысы әйелдер болған. «Әлемдегі ең іскер қазақ қызы» Forbes журналы жариялаған әйел тізіміне Гүлжан Молдажанованың есімі 37 - орында аталды. [3]

Барлық әйелдерден зерттеу шеңберінде олардың алған білімінің ең жоғары дәрежесі әйелдердің шамамен үштен бір бөлігі тех-никалық немесе кәсіптік білім (32%), ал шамамен бестен екі бөлігі жоғары білім (39%) алғаны көрсетілген.[4].

Барлық әйелдердің кемінде бастауыш білімі бар, сондықтан «біліміжоқ» деген санат бұл жерде енгізілмеген.

Бұл нәтижелер 2009 жылғы хат-хабар жазысудың да (Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, 2011), сол сияқты Мультииндикаторлық кластерлік тексерудіңде (ЮНИСЕФ, 2012) нәтижелеріне сәйкес келеді. Жалпы, Қазақстан 1999 жылдан бастап халық арасындағы білім деңгейін жақсартуда едәуір алға жылжыды. Елде қыздар мен ұлдарды теңдестіріп қабылдау мен жалпыға ортақ бастауыш білімге қол жеткізілді. Қалалық және ауылдық мекенде білімге қолжетімділіктің біраз айырмашылығы бар және жалпы орта білім деңгейінде қыз балалар басым (Азия даму банкі, 2006).

Барлық әйелдер арасындағы білім деңгейі (N=14340)

Білім деңгейі Барлық әйелдер Өлшенген үлес санат саны %

Бастауыш білім 40 0,3 0,2

Толық емес орта білім 826 5,8 5,5

Жалпы орта білім 3208 22,4 22,0

Техникалық немесе кәсіптік білім 4609 32,1 30,4

Жоғары білім 5613 39,1 41,5

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім 44 0,3 0,4

Үй шаруашылығының орташа айлық кірісі және халықтың жан басына шаққандағы кірісі бойынша деректер көрсетілген. Көптеген әйелдердің үй шаруашылығының айлық кірісі 60000-140000 теңгені құрайды, 10%-дан кем әйелдердің кірісі тиісінше 40000 теңгеден аз және 200000 теңгеден көп.

Барлық әйелдер арасындағы үй шаруашылығының орташа айлық кірісі және халықтың жан басына шаққандағы кірісі (саны=14340)

Кіріс Барлық әйелдер Өлшенген үлес орташа айлық кіріс саны % %

Үй шаруашылығының кірісі (теңге)

40 000 дейін 1214 8,5 8,7

40 - 60 000 2369 16,5 16,7

60 001 - 100 000 3995 27,9 27,9

100 001 - 140 000 3060 21,3 21,5

140 001 - 200 000 2277 15,9 15,8

200 000 жоғары 1425 9,9 9,5

Халықтың жан басына шаққандағы кіріс бойынша квинтильді топтары (теңге)

15 999 дейін 2327 16,2 17,8

16 000 - 24 999 2827 19,7 19,7

25 000 - 39 999 3243 22,6 21,5

40 000 - 49 999 2649 18,5 17,7

50 000 жоғары 3294 23,0 23,

Іскер әйелдер көп жағдайда өз ісінің маманы, олар: әдетте әйелдер ақшаны санауда мұқият келеді, егер нарықтағы фирманың жағдайын зерттеу қажет болса, онда әйелдер бұл мәселені сәтті шеше алады. Төзімділік және мұқият болу, мақсаттылық пен дәлдік, даналық пен ойлаудың икемділігі, талдауға және бағалауға, шешімдер қабылдауға дайындықта, үйлесімділікте және әлеуметтік құзыреттілікте әйелге тән және кәсіпкер мен басқарушы ретінде қажет қасиеттердің барлығы табылады. [4].

Әйел деген кезде көз алдымызға от басы, ошақ қасында, бала бағып, тамақ пісіріп, үй жинайтын жанды елестетміз. Десек те психологтар көшбасшы әйел адамдардың бойындағы қасиеттерді атап көрсетті.

I. Әйелдер ең жақсы көшбасшы бола алады - олар бірден бірнеше нәрсе туралы ойланып, бір мезгілде болашаққа жоспар жасай алады, ал ерлер мәселені дәйекті түрде шешуге тырысады;

II. Әйелдер ана болып табылатындықтан, анағұрлым тез ұйымдастырып және тиімді әрекет ете алады. Жауапкершілікті қабылдау әйелдің табиғатында бар қасиет.

III. Ерлерге қарағанда әйелдер көп мақсатқа дәйекті бағытталған және, олар өз жұмысындағы нюанстарды жақсы байқап, талдайды және ескереді.

Ү. Көп әйелдер - коммуникативті, олар сенімгерлік мінез-құлықпен ерекшеленеді. Олар ұйымдастырушылық және жоспарлау функцияларын жақсартады, өзгерен жағдайларға тез бейімделеді, еңбек өнімділігінің өсуіне үлес қосады.

Ү. Гендірлік әлеуметтену болжамы кеңістік қабілетінің айырмашылығы ұлдармен қыздардың әртүлі тәрбиелінуіне байланысты деп көрсеткен. Американдық зерттеушісі Дж. Крамер көрсеткендей қыздардың қабылдауы ұлдардыкінен қарағанда басқаша екенін көрсеткен. [5].

Қорыта келгенде әйел адамдарының ер адамдарға қарағанда физикалық күші аз болса да, олардың психологиялық жағынан қиындыққа төзе алатыны, ерлерге қарағанда бойындағы энергиясының көп екендігі дәлелденген. Қазақ әйелдің қырық жаны бар деп бекер айтпаса керек. Оған дәлел қазіргі қоғамда әйелдер бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен әлемді тербетіп отырғаны дәлел. Біздің қоғамда әйелдерді қолдауда көптеген іс-шаралар өткізілуде, ата-заңымызда да әйелдердің ерлермен тең құқықты екені айтылған. Мен де қазақ қоғамындағы әйел адамдардың дәрежесін өсіруге, олардың уақыттарын тиімді пайдаланып, бизнес саласында да өз кәсіптерін дамытуына өз үлесімді қосқым келеді. Әлем әйелмен әдемі. Қырық шырақты асыл, құнды, теңдесі жоқ қазақ әйелдеріміздің қолда барда қадірін білуге қоғамды шақырамын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Статистикалық жинақ / қазақ тілінде / Астана қаласы 2016
2. Қазақстан өңірлері бойынша шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы туралы есеа беру 2016 жыл кітпбынан, 6 бет.
3. <https://www.forbes.kz>
4. Қазақстанда әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты іріктемелі зерттеу / 21 бет.
5. «Гендерлік психология» Оқу әдістемелік материалдар. 38 бет

УДК 159.9

ИНТЕРНЕТКЕ ҚҰМАР ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сәрсенбек Ардақ,

Құрмашова Айдана

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Психология мамандығының 3 курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Б.Ш. Байжұманова

Соңғы жылдары бүкіләлемдік мәселе – жасөспірімдердің, мектеп оқушыларының әлеуметтік желілердегі вертуалды қатынас мәселесі болып отыр. Оның пайдасы мен зияны туралы ақпараттар жиі айтылады. Осы мәселеге байланысты біз, психологиялық мерзімді басылымдағы еңбектерге шолу жаса, өз болжамымызды баяндауға тырысамыз.

Әуелі Ресей зерттеулеріне тоқталайық. 2011 жылы Мәскеуде өткен «Аддиктивті мінез-құлық: профилактика және реабилитация» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда психология ғылымдарының докторы, профессор Ю.А. Меркурьев өзінің зерттеу жұмыстарын Мәскеу қаласының Орталық әкімшілік округі мектептерінің бірінде, 100-ге тарта жеткіншектермен өткізеді. Автор жеткіншектердің интернеттегі мінез-құлық пен іс-әрекетін анықтауға арналған К.А. Феклисов пен Е.А. Смирнованың құрастырған анкета бойынша зерттеу жүргізеді. Онда зерттелінушілерді 2 топқа: эксперименталды топ және бақылау тобы деп бөліп алады.

Эксперименталды топтағы 32 адам интернетте күніне интернетке кемінде 3 сағат жұмсап отыратын жасы 14-16 аралығындағы балалар боды, ал бақылау тобындағы 32 адам